

Қастек Баянбай

ЕГІЗДЕР

Алматыкітап баспасы
2011

УДК 821. 512. 122
ББК 84 Қаз 7-5
Б 31

Б 31 **Баянбай Қ.**
Егіздер. Өлеңдер. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2011. – 80 бет, суретті.

ISBN 978-601-01-0707-6

УДК 821. 512. 122
ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 978-601-01-0707-6

© Баянбай Қ., (мәтіні), 2011
© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2011

Қарлығаштар

Қарлығаштар түсінді
Басталғанын жаңа күз.
Ұясынан ұшырды
Түлектерін сары ауыз.

Шаңырақты мекендеп,
Жазды жақсы өткеріп,
Келіп еді екеу боп,
Қайтты енді топ болып.



Наурыз

Өніп еккен дәніміз,
Бүршік жарды бағымыз. **3**
Сәскеде – жаз,
Түнде – қыс
Секілді екен наурыз.

Төлдеп жатыр малымыз,
Қазан толы сары уыз.
Сүті көп те,
Көмірі аз
Болады екен наурыз.

Жайдарымыз бөріміз,
Дастарқанда дәміміз.
Көжесі көп,
Қыры көк,
Қандай жақсы наурыз!



Тырналар

Аспанда самғайды
Тырналар тізіліп.
Біреуі қалмайды
Қатардан үзіліп.

Сақтайды сапарда
Бірлікті кім мұндай.
Бұзылмас қатары,
Кәдімгі шынжырдай.

4

Күткен күн

Қыркүйектің бірі
Күздің таңы жылы.
Бірге шықты үйден
Атасы мен ұлы.

Жарқын бала үні,
Жауқазындай түрі.
Аппақ жаға-жеңі,
Жоқ қылаудай кірі.

Қолындағы гүлі –
Мектебіне сыйы.
Бүгін оның шәкірт
Атанатын күні.



Менің жеңгем

Менің ағам жуырда
Үйленді бір сұлуға.
“Жұлдыздардан” белгілі
Жоқ ешқандай кемдігі.
Жаңа көрген ел оны
Қыз Жібектей дер еді.
Жұбайына ағамның
Көз айырмай қараймын.
Тіпті жеңгем екенін
Ұмытып та кетемін.
Көз салмайтын сұлуға
Ұл болмайды, шынында.
Тыңдаған боп сабағын,
Жаудыратып жанарын
Тек апайға қарайтын
Балалардың бары айқын.

Бірақ бойын жеңгемнің,
Өзім жақсы көрмеймін.
Өткен кезде қасынан,
Мойнына бір асылам.
Сездірмей өз ойымды,
Салыстырам бойымды.
Бірақ тағы мен оның
Тек иығынан келемін.
Өспей қойдым неліктен,
Үлкенірек болып мен.

Отырып өз бөлmemде,
Ойланамын мен кейде.
Неге анам аяулы
Бұрын туды ағамды?

Неге ғана сол жолы
Тумады екен ол мені?
Сонда ағамның орнына
Жүрер едім мен мына!
Жігіттердің мұндайда
Жолы болып тұрмай ма.
Жеңгеме көп гүл беріп,
Алар едім үйленіп.





Тойға барған торғай

Суық торғай кәдімгі
Сары аязда қоң біткен,
Естіп отыр дабырды
Ашық қалған желдіктен.

Құстың бойын биледі
Бір әуестік қайдағы,
Мойнын созып ілгері,
Үйдің ішін барлады.

Көк жұлдызын қаптаған
Жерге қарай ағызып,
Кіршіксіз ақ мақтадан
Қойыпты қар жауғызып.

Көк шыршасы төрдегі
Сұлу қыздай сыланған,
Жалбыр етек көйлегі
Тоқылғандай қыраудан.

Салтанатты мынау үй
Ақ сарайға бергісіз.
Әлде түс пе қияли,
Әлде өңі ме,
Белгісіз.

Барлық маусым атаулы
Араласып кеткендей.
Кейде қыстай қаһарлы,
Кейде жылы көктемдей.

Жел айдаған жаңқадай,
Билей алмай бұл бойын,
Қалды өзі байқамай
Үйге ұшып кіргенін.

Қанатын жай сермеді,
Бауыр жүні желбіреп.
Көк шыршаның төрдегі
Төбесіне қонды кеп.

Қона қалған ақырын
Құсты көріп жүректі:
– Қара мұның батылын! –
Деп балалар шу етті.

– Ластамаса жарады,
Шыршамызға саңғырып,–
Деді біреу анайы,
Отқа дереу май құйып.

Көргендей бір қиянат,
Мына сөзден дүрліккен,
Кетті құсты қуалап
Осындағы ұл біткен.

Құс жүрегі суылдап,
Бір қатерді аңғарып,
Ұша берді пырылдап,
Шыршаны шыр айналып.

Қуған сайын даурығып,
Кейбір ұлдар ұшқалақ,
Қыздар жүзін тайдырып,
Жылап алды құсты аяп.

Шыдай алмай біреуі,
Ара түсіп торғайға:
– Ұшқан шығар үрейі,
Аясаңдар болмай ма!

Қоймасаңдар егерде,
Бөрің бұған жабылып,
Құлап түсер еденге,
Жүрегі қақ жарылып!



Суық сөзден ақырғы
Шошып кеткен секілді,
Әлгі қыздан ақылды
Ұлдар ғафу өтінді.

Қонды торғай секеңдеп
Бұтағына шыршаның.
Мынасы не екен деп,
Шоқып көрді бір шамын.

Қыздар қайта шуласып,
Шыға келді өбектеп:
– Шай ішкізіп бір қасық,
Шөлін басу керек,– деп.

Бола қалды қайырлы
Ұлдың бірі өзгеріп.
– Қайтеді құс шайыңды,
Тойғызайық жем беріп.

Ақ түйенің баяғы
Қарны қайта жарылды.
Толды тойдың тағамы
Ақ қағазға жаюлы.

Топқа кірген ерлікпен
Қалағанын жеп-ішіп,
Жаңа кірген желдіктен
Кетті қонақ кері ұшып.

Көріп жүрген күндегі
Туған жердің торғайы
Мерекені бұл жолы
Жұртпен бірге тойлады.

Маубастар

Тәтті ұйқысын қимайды
Бүкіл маубас атаулы.
Төсегінен тұрмайды
Таңертең ел қатарлы.

Көрпе астына бұғады,
Екі көзін ашпайды.
Оянып тек құлағы,
Дыбысты ести бастайды.

Тұрып сәске болғанда,
Беті-қолын шаяды.
Оянбайды сонда да
Олардың қол-аяғы.



10



Үш үлгісіз

I

Тоты, Тырна, Тоқылдақ
Оқиды бір сыныпта.
Қиын екен отырмақ
Қозғалмай қу сырықта.

Дала безер Тырнаның
Алабөтен мойны ұзын.
Серейтіп қос сирағын
Шолатындай жер жүзін.

Қарап күнде сағатқа
Мектебіне беттейді.
Кіріскенде сабаққа
Сенетіні тек мойны.

Құрық мойны «екіден»
Құтқарудың тапты ебін.
Шолып шығар шетінен
Достарының дәптерін.

Қысылғанда осы оның
Ойлап тапқан амалы.
Кім шығарса есебін,
Бұл көшіріп алады.

Ұстазын көп қинады
Сүрініп әр сынақтан.
Оң құлақтан құйғаны
Ағады сол құлақтан.



II

Таңқылдаған Тотының
Бар сенері құлағы.
Пысықтамай оқуын,
Қаңқу сөзді қуады.

Көйлегі көк,
Уайым жоқ,
Бойын сылап бұлаңдар.
Күшік болып шәуілдеп,
Мысық болып мияулар.

Кербез құстың түлегі
Келемеждеп кейде елді,
Сақылдап кеп күледі,
Тақылдап көп сөйлейді.

Не естісе құлағы
Аузы соны айтады.
Жұртты мезі қылады
Мағынасыз айқайы.

Ұстаз оны оқытып,
Қоссам дейді санатқа.
Қайдағыны қоқытып
Отырады ол сабақта.

III

Болады екен әркімнің
Шығаратын бір шиі.
Кетірді әбден қадірін
Тоқылдақтың тұмсығы.

Олақ самғап ұшуға,
Осынау құс тырнақты.
Тұмсығының ұшында
Қайласы бар сияқты.

Тастай қатты малтаны
Шағып жатқан баладай,
Алдындағы партаны
Тоқылдатар аямай.

– Қираттың ғой партаны,
Тұмсығыңмен жаңқалап! –
Деп достары айтады
Күніне он қайталап.

Баулығанмен ел қанша,
Оңдырмас ол оқуын.
Қашан мүлде қойғанша
Парталарды шоқуын.

Құстың бәрі саналы,
Білім құған топырлап.
Бірақ әлі жабайы
Тоты, Тырна, Тоқылдақ.



Мен ортаншы баламын

Мен ортаншы баламын,
Оннан асып барамын.
Мен ағама інімін,
Ал ініме ағамын.

Кейде аға,
Кейде іні
Болу маған белгілі.
Өз басынан өтпесе,
Түсінбейді ел мұны.

Барлық аға атаулы
Болады ғой қаһарлы.
Жалқауды зыр қақтырып,
Сайратады мақауды.

Сондай менің ағам да,
Қорқам тура қарауға.
Тиіспейді әйтеуір,
Әлде мені аяй ма.

Жұмыстарын ең жаман
Тапсырады ол маған.
— Сен көмекшім боласың,
Қасымда отыр,— дейді ағам.

Іні болған құрысын,
Бітпейді бір жұмысың.
Тазарсын деп ауасы,
Желдетемін үй ішін.



Өтектеймін әрдайым
Жейдесі мен шалбарын.
Абайсызда өтекке
Талай күйді бармағым.



Іздегенін мен оның
Лезде тауып беремін.
Іштей біліп отырам
Тағы да не керегін.

– Қайда менің портфелім?
– Қайда есеп дәптерім?
– Қойып едің қай жаққа,
Қаламымды тап менің.

Осы менің күндегі
Еститінім үйдегі.
Сабағынан ағамның
Босамайды бір қолы.

Кейде оқуын ауырлап,
Отырады уайымдап:
– Сабағымды сен қашан
Бере аласың дайындап?



Сайтан мініп мойнына,
Жалқау қылып қойды ма,
Барса дейді мектепке
Біреу менің орныма.

Бірақ оның қиялы
Тек осымен тынады.
Нән боқшасын* асынып,
Үйден жайлап шығады.

* Боқша – матадан тігілген қалта, сөмке.